



Ақыл, Қайрат және Жүректің Дауы

by Anel Sarsen



Талас басталды. Ашық аспан астында Ақыл, Қайрат және Жүрек үш кейіпкер тұр. Ақыл: "Менсіз адам өмір сүре алмайды!" деді. Қайрат: "Мен болмасам, ештеңе істелмейді!" деп жауап берді. Жүрек: "Ал мен болмасам, мейірім қайда болады?"



Талас күшейе түсті. Ашуға булыққан кейіпкерлер өздерінің маңыздылығын дәлелдеуге кірісті. Ақыл: "Менсіз дүние тәртіпсіз болар!" Қайрат: "Менсіз өмір әлсіз болар!" Жүрек: "Менсіз адам тасқа айналар!" деп дауыс көтерді.



Ғылым келді. Сахнаға Ғылым кірді,
қолында кітап, көзінде сұрақ. Ол:
"Тоқтаңдар! Сендердің дауларыңды естідім.
Кім адамға шын пайда әкеледі?" деп сұрады.



Әрқайсысы өз жауабын берді. Ақыл: "Мен ақыл арқылы адамды дұрыс жолға салам." Қайрат: "Мен ерлік пен еңбектің иесімін." Жүрек: "Мен адамға мейірім, сүйіспеншілік берем."



Ғылым шешім қабылдады. Ол жымыып:
"Үшеуіңнің де қасиеттерің қажет. Бірақ
басшы Жүрек болсын! Өйткені ақыл мен
қайрат жүрекке бағынбаса, адам
зұлымдыққа кетеді." деді.



Бірлік орнады. Барлығы күлімсіреді. Ақыл: "Мен енді Жүрекке ерейін." Қайрат: "Мен де мейіріммен іс қыламын." Жүрек: "Бірлік болса ғана адам толық болмақ!" Бұл Абайдың "Толық адам" идеясының көрінісі еді.